

ҚЫТАЙЛЫҚ ЖҰМСАҚ КҮШ САЯСАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Анықбек Дархан

anykbekdarhan@gmail.com

«7M03107-Халықаралық қатынастар» БББ 2-курс магистранты,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Далелхан А.

Халықаралық аренада әр мемлекет өз саясатын алға жылжыту мақсатында әртүрлі әдістерді қолданып келеді. Соның бірі ақпарат құралдары арқылы ықпал ету болып саналады. Қазіргі цифрландыру үрдісі мен ақпараттық технологиялардың қарқынды даму жағдайында оның өзектілігі бірнеше есе артты. Бұқаралық ақпарат құралдары ХХІ ғасырға дейін сыртқы саясатты жүзеге асыру үшін қолдануға болатын құрал ретінде қарастырылмай келді.

Қазіргі әлемдегі көшбасшылардың бірі Қытай үшін жағымды сыртқы саяси имиджді құру жыл сайын өзекті болып келеді. ҚХР сыртқы саяси қызметте «жұмсақ күшті» белсенді қолданып келе жатқан ел ретінде оны жүзеге асыру стратегиясын өз елдеріне бейімдеді. Қытайлық ғалымдар «жұмсақ күш» ұғымына ҚХР ерекшелігін ескеріп, мүмкін болатын көздерді, ықтимал ресурстарды және оны саяси практикада тиімді жүзеге асырудың құралдарын анықтап, жаңа мағынамен толықтыра түсті.

Қытайлық зерттеуші Чен Манли бұқаралық ақпарат құралдарының бір бөлігі жұмсақ күшке жатады деп санайды, бірақ оны қатаң күш ретінде жіктеуге болады [1]. Ю Гуоин БАҚтың өзіндік күш ретінде, негізінен инфрақұрылым мен БАҚ-тың өндірістік функцияларында көрінетін қатаң биліктің белгілі бір атрибуттарына ие екенін атап өтті. Қытайда «БАҚ күші» тұжырымдамасын ұсынған алғашқы адам Цинхуа университетінің мемлекеттік басқару мектебінің докторанты профессор Ху Анган және Чжан Шаоцун болды. Олар бұқаралық ақпарат құралдарының күшін елдің медиа жүйесіне ену және әсер ету құралы ретінде анықтайды [2].

«Жұмсақ күш» терминінің пайда болуының теориялық және тарихи контекстерін жинақтаған Қытай ғалымдары Джозеф Най ұсынған «жұмсақ күш» ұғымы таза американдық стилімен ерекшеленеді және гегемониялық сипатқа ие деген қорытындыға келген. Қытай ғалымдары тақырыпты зерттеуде келесі екі санатқа назар аударады – ол «ішкі жұмсақ күш» және «сыртқы жұмсақ күш». Қытайдың «жұмсақ күшінің» ерекшелігі – Қытайдың халықаралық аренадағы саясатын түсіндіу, таныту, қолдау және дамуы үшін қолайлы сыртқы ортаны қамтамасыз ету. Осы орайда ақпарат құралдары маңызды құрал болып саналады.

Соңғы онжылдықта Қытайдың маңызды құралы мен насихаттық ресурсы өзекті, қоғамдық маңызы бар және (бұқаралық) аудитория үшін ойын-сауық мазмұнын өндіретін және тарататын, сондай-ақ ақпарат пен рекреациядағы қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыратын кәсіпорындар жүйесін білдіретін көп деңгейлі БАҚ-тың тармақталған желісі және Ұлттық медиаиндустрия болып қалуда [3]. Басқа елдерге күш көрсету арқылы әсер етпеу идеясы ежелгі қытай дәстүрлеріне жауап беретінін атап өткен жөн: әскери өнер мектебінің негізін қалаушы Сун Цзының «ең жақсысы - басқаның әскерін ұрыссыз жеңу» деген сөзі, сондай-ақ Конфуцийдің «қайырымды күйеу мәдениетті қолдана отырып достар табады» деген сөзі «жұмсақ күш» тұжырымдамасына толық сәйкес келеді. Қытай Ху Цзиньтаоның билікке келуімен әлемдік қауымдастыққа әсер етудің дәстүрлі емес құралдарының рөлін байыпты қарастыра бастады. Соңғы жылдары Бейжіңнің «жұмсақ күшінің» элементтері елеулі жеміс бере бастады, нәтижесінде Қытай Орталық Азия өңірі тарапынан өзіне неғұрлым қолайлы қарым-қатынас орната алды.

ҚХР қолданатын маңызды құрал – қытайлық бұқаралық ақпарат құралдары. Бірінші кезекте шетелдік аудиторияға бағытталған қытайлық БАҚ-тарға Қытайдың Орталық теледидары (CCTV), Қытайдың Халықаралық радиосы (CRI), «Синьхуа» ақпараттық агенттігі (АА) және «Жэньминь жибао» газеті кіреді. Олардың негізгі міндеті батыстық БАҚ-қа балама жаңалықтар күн тәртібін қалыптастыру, сондай-ақ басты халықаралық оқиғалар мен проблемалар туралы өз көзқарасын ұсыну болып табылады. Шетелдік аудиторияны кеңінен қамту тілдік диапазонның арқасында мүмкін болды. Осылайша, CRI 43 шет тілдерінде және диалектілерде хабар таратады, CCTV ағылшын, испан, француз, араб және орыс тілдерінде тәулік бойы хабар тарататын арналарды қамтиды [4].

Бұдан бөлек, Қытайдың жағымды имиджін қалыптастыруда жаһандық желіге, атап айтқанда мамандандырылған сайттар құруға үлкен мән беріледі. Б.д.д. V ғасырда қытайлық стратег Сун Цзы «ақпаратты соғыстың негізі ретінде» анықтағаны белгілі. Мемлекеттер арасындағы бәсекелестік, экономикалық, саяси және әскери артықшылық үшін күрес ақпараттық алаңда жүріп жатыр. Бұл алаң – ғаламтор. Бүкіләлемдік ғаламтордың танымалдығы көптеген себептерге байланысты арта түсті: ең алдымен, адамдардың дәстүрлі БАҚ-ына (құрылтайшыға тәуелді болған баспасөзге, радиоға, теледидарға) сенімі әлсірей түсуі болса керек.

Осы орайда Қытай жаһандық желі арқылы, атап айтқанда мамандандырылған сайттар құруға үлкен мән берді. Солардың бірі-«ChinaModernRU» - Заманауи Қытай. Бұл 2009 жылы құрылған Қытай туралы ақпараттық портал. Онда қытайдың күнделікті жаңалықтары баяндалады, оқиғалар бейнеленеді, ақпараттық мақалалар, шолулар, фотосуреттер мен қытай қалаларының сипаттамалары жарияланады, мемлекет тарихы ұсынылған. Порталдағы ақпарат үш тілде беріледі: орыс, ағылшын, қытай. Қытай үкіметі мен оның қызметін (ҚХР басшысы, саясат, бизнес) және елдің мәдениетін (тарих, тағамдар, мерекелер, ойын-сауық, дәстүрлер) көрсететін айдарлар кеңінен ұсынылған.

Бүгінгі таңда ғаламторда Қытай туралы 687 сайт тіркелген, олар елдің әртүрлі қызмет салаларын көрсетеді: саясат, экономика, спорт, мәдениет, құрылыс, БАҚ, заңнама және т.б. олардың барлығы елдің имиджін құрайды. Айта кету керек, қазіргі ғылыми әдебиеттерде Қытайдың имиджін қалыптастыруға әлі тиісті көңіл бөлінбеуде. Бірқатар ресей ғалымдары өз еңбектерінде Қытай қоғамына және сыртқы әлемге қазіргі Қытайдың: мемлекеттің өзі, оның саяси, әлеуметтік, мәдени институттары, аймақтар, экономика салалары, тауарлар мен қызметтер имиджінің қалай қалыптасатынын және қалай көрінетінін сипаттай отырып [5], қазіргі Қытайдың ерекшелігі мен идеологиялық үстемдігін алдын-ала анықтайтын және елде болып жатқан құбылыстар мен оқиғалардың барысына әсер ететін саяси, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық және мәдени факторларға назар аударады. Бірақ

мемлекет имиджін қалыптастырудағы бұқаралық коммуникациялардың рөлін бәрі бірдей қарастырмайды. Ғаламтордың және оның Қытайдың конструктивті имиджін құрудағы ақпараттық мүмкіндіктерінің зерттеу нысаны болған жоқ.

Жаңа медиа саласы ҚХР әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени дамуына белсенді әсер етуде. Ол ақпараттық, ұйымдастырушылық және тәрбиелік функцияларды орындаумен қатар, Қытайдың әлемдегі жағымды имиджін таратудың арнасы болып келеді. ҚХР жаңа бұқаралық ақпарат құралдары тәуелсіз ресурстарға айналып, бұрыннан бар дәстүрлі медиа жүйесін толықтыра түсті. Қытайда Facebook, Instagram, Twitter және Google сияқты батыс сайттары мен әлеуметтік медиа қосымшалары бұғатталған. Қытайда жаңа медианың дамуы жағдайында танымалдық рейтингінің алғашқы қатарларын түрлі отандық әлеуметтік желілердің мобильді қосымшалары алып отыр, ал ең ірі провайдерлер-үйде де, ұялы байланыста да қызмет көрсететін China Telecom, China Unicom және China Mobile [6]. Қытайда 2011 жылы іске қосылған WeChat (Weixin) әлеуметтік желісі, QQ мессенджері (1999 ж.), Weibo микроблог қызметі (2009 ж.), видеохостинг You- Ku.com (2006 ж.), Zhihu мамандандырылған сараптамалық сұрақ- жауап платформасы (2011 ж.) және т. б. сияқты коммуникациялық ресурстарды сәтті игерді.

ҚХР бірнеше жылдан бері интернет-пайдаланушылар санының өсу қарқыны бойынша және олардың жалпы саны бойынша көшбасшы болып келеді. Мысалы, қазіргі уақытта бүкіл әлем бойынша 500 миллионнан астам адам WeChat мобильді жүйесінің абоненттері болып табылады. Қытайлық сарапшылардың пікірінше, Қытайдың интернет сегментінің, ұлттық әлеуметтік желілердің және мобильді қосымшалардың халықаралық ықпалында қытайлық мигранттардың 50 миллиондық армиясы – хуацяо маңызды рөл атқарады. Пекиннің «жұмсақ күшінің» маңызды жетістігі хуацяоның қайта бағдарлануы болды, олар бүгінде ҚХР-ды өз Отаны ретінде қабылдап, коммунистік партияның шешімдеріне назар аударып отырады.

Қытайда «жұмсақ күш» мәселесі алғаш рет 1993 жылы жарық көрген Ван Хуниннің «Мәдениет – мемлекеттің «жұмсақ күш» әлеуеті» атты мақаласында көтерілді. Бұл еңбекте Қытай мәдениетінің белгілі құндылықтары «жұмсақ күш» ретінде пайымдалған. Автор қазіргі заманда болып жатқан халықаралық өзгерістерде «жұмсақ күшті» елдің сыртқы байланысындағы негізгі күшке айналдырды деген. Егерде «дүлей күш» белгілі саяси жағдайларда ғана іске асса, ал әлеуметтік-мәдени құндылықтар жүйесіне арқа сүйейтін «жұмсақ күш» халықаралық қауымдастық тарапынан үнемі қолданыста болады деп санайды [7]. Осы мақаладан кейін Қытайда «жұмсақ күш» мәселесі кең талқылана бастады. «Soft power» түсінігі аясында қытайлық ғалымдардың философия, экономика, менеджмент, саясаттану және мәдениеттану саласында көптеген еңбектер жарық көрді.

«Жұмсақ күш» принциптеріне қатысты алғашқы ұсынылған нұсқаларының өзінде-ақ қытайлықтардың классикалық американдық және жалпы англо-саксондық концепциялар мен көзқарастардан біршама алшақ кеткенін байқауға болады. Бір айта кететін мәселе қытайлық ғалымдар да «жұмсақ күш» концепциясын әртүрлі түсіндіреді. Мысалы, кейбір қытайлық ғалымдардың пікірінше оған саяси жүйе мен саяси басқарудың ұлттық рух, қоғамның халықаралық бейнесі, мемлекеттің халықаралық стратегиясы, ғылым мен техникалық даму деңгейі сияқты компоненттерді де жатқызуға болады. Қытайдың аймақтық және жаһандық беделінің артуы оның өзіне тән нарықтық 44 реформалары мен әлемдік экономикаға белсенді интеграция жасауының нәтижесінде қол жеткізген экономикалық табыстарына ғана байланысты емес. Халықаралық аренада Қытай көздеген мақсатына «жұмсақ күш» ресурстарын жан- жақты қолдану арқылы қақтығыссыз, бейбіт жолмен қол жеткізуде. Қытай билігі насихаттап жүрген, бүгінгі жағдайға лайықтап

«жаңартылған» әлеуметтік-мәдени құндылықтар ел ішінде және сырт елдерде тұратын қытайлықтарды ғаламдық қытайлық қоғамға біріктіруде [8].

2010 жылы жалпы ішкі өнімінің көлемі әлем бойынша екінші орынға көтерілген соң, Қытай халықаралық байланыстардағы ең маңызды елдердің біріне айналды және беделі артты. Алайда, қарулы күштер мен экономикадағы «қатаң күш» алға жылжығанымен, Қытайдың «жұмсақ күші» тиісті прогреске қол жеткізе алмады.

Сарапшы Ху Анганнің айтуынша, егер Қытай «жұмсақ күшті» іске асырмаса, онда ол «жұмсақ соққыдан» зардап шегеді. 2012 жылғы 15 қарашадағы партияның 18-ші съезінде социалистік мәдениеттің ұлы дамуы мен өркендеуі, мәдени жүйенің реформасын тереңдету және елдің мәдени жұмсақ күшін жетілдіру қажет екенін айтты. Бұл зерттеуде елдің жұмсақ күшінің күшеюі бүгінде Қытай үшін үш практикалық мәнге ие деп саналады. Біріншіден, сыртқы күштердің ықпалы, батыс елдері мен олардың айналасындағы көршілердің сенімсіздігі.

Екіншіден, соңғы 30 жылдағы реформалар мен ашықтықтан кейінгі әлеуметтік қайшылықтар, қоршаған орта мен экологияның нашарлауы сияқты әлеуметтік проблемалардың көбеюі. Үшіншіден, Қытайдың ұлттық жұмсақ күшін шетелдік идеологиялық форма-лардың эрозиясына қарсы тұру және ұлттық идентификацияны нығайту үшін қолданады. Жұмсақ күш елдің халықаралық мәртебесінің негізгі құрамдас бөлігіне айналады. Жұмсақ күшті стратегиялық деңгейге шығару елдің ортақ мақсаттарына қол жеткізу үшін негізгі талап болды.

Тяньцзинь шетелдік зерттеулер университетінің ғылыми қызметкері Ван Сюэиннің зерттеуі бойынша, Қытайдың саяси, экономикалық, мәдени және басқа салалардағы «үні» халықаралық қоғамдастықтың назарын аударып отыр. Батыс мәдениеті идеология, құндылықтары және әлеуметтік жүйе тұрғысынан өзімен үйлеспейтін Қытайдың өр кениеті мен қоғамдық пікірін объективті қабылдай алмай, батыс БАҚ-тары «Қытайдың құлдырауы» және

«Қытайдың қаупі» теорияларын таратып келеді. Осындай жағдайда Қытай шетелдік «мәдени дискурста» өзінің жұмсақ күшін одан әрі күшейтіп, мәдени тартымдылықты және шетелдік дискурстың сенімін арттыру, Қытайдың үнін, тарихы мен мәдениетін әлемге оң қырынан жеткізу мақсатында ақпараттық құралдарды пайдаланады. Оның пікірінше, халықаралық қоғамдастықта қытайлық мәдени дискурстың әсерін күшейту үшін коммуникацияның әртарапты моделін құру қажет. Ол үшін Қытай әлемді, ал әлем Қытайды жақсы түсінуі керек. Қытай мәдениеті жаһандық ауқымда тарап, тереңдей түскен сәтте Қытай гуманитарлық жобаларды, кітаптардың шетелдегі таралымын, шетелдік аудармалардың сапасын, сондай-ақ қытайтану саласын тереңдетуі тиіс. Ал осы жобалардың табысты болуы үшін Қытай коммуникацияның инновациялық әдістерін енгізіп, халықаралық аренада Қытайдың үнін белсенді тарататыны белгілі [9].

Жұмсақ күш теориясы Қытайдың ресми дискурсына енген кезде, Қытайдың жұмсақ күшін нығайту мәселесі мемлекеттік стратегия-ның маңызды бөлігіне айналады. Мәселен, Африка да Қытайдың мемлекеттік ақпарат құралдары белсенді рөл атқарып, жұмсақ күшін іске асыратын маңызды аймақ ретінде қарастырылады. ҚХР-дың Синьхуа ақпарат агенттігі, Қытай халықаралық радиосы, Қытайдың Орталық телевизиясы, «Жэньминь Жибао» және «Чайна Дейли» басылымдары Қытайдың Африкадағы және өзге де дамушы елдер арасындағы достық пен ынтымақтастықтың үгіт-насихат құралы. Қытай мен Африка арасындағы қатынастардың қарқынды дамуымен қатар, Қытай ақпарат құралдары Африкадағы жұмысын дамытып, Африка елдерінде БАҚ көптеген филиалдары ашылып, Қытай- Африка медиа алмасуы мен ынтымақтастығы дамуда. Осылайша, Қытай ақпарат

құралдары өздерінің халықаралық дискурсын күшей- тіп, Қытай имиджін нығайтады, мәдениетін таратады және Қытай- Африка ынтымақтастығына ыңғайлы платформа құрады. Қытайдың жеке компаниялары Африка интернетінің, цифрлық радио мен теле- дидардың дамуына айтарлықтай үлес қосып, Қытайдың Африкадағы жұмсақ күшін арттыруға ерекше үлес қосып келеді [10].

Бұқаралық ақпарат құралдарының инфрақұрылымын жетілдіру Қытайдың жұмсақ күшін кеңейтудің маңызды бағыты болып саналады. Қытайдың бұқаралық ақпарат құралдарының аппараттық күші әлемде алдыңғы қатарда болғанымен, жан басына шаққандағы деңгейі, техникалық қамтамасыз ету, институционалдық реформалар және даму тұжырымдамасы тұрғысынан дамыған елдерден әлі де үлкен алшақтығы бар. Қытай БАҚ-да инновацияларды жетілдіру және енгізу саласында әлі де көптеген кедергілер бар. Ақпарат арқылы «жұмсақ күшті» арттырудың ғылыми және тиімді даму стратегиясы тұжырымдалған соң, Қытайдың медиа қуаты тез нығаюы мүмкін. Осыған қарамастан, Қытай экономикалық дамуы жағынан қазіргі әлемде жетекші орындардың бірін алады және өзін үлкен мәдениет пен дәстүрдің мұрагері деп танығандықтан ол фактор елдің ішкі және сыртқы медиа жүйесін анықтайды. Сыртқы коммуникацияға бағдарланған БАҚ елдің «жұмсақ күшін» жүзеге асырудың басты бағытына айналып келеді. Қытай медиа арналарды тиімді қолдана отырып, әлемдік тәртіпке ықпал ету тетігін кеңейтуді көздейді.

Бүгінгі таңда Қытайдың сыртқы саясаттағы «жұмсақ күшін» бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен нығайтуы ұзақ мерзімді стратегиялық жоспар болып табылады. БАҚ халықаралық коммуникациядағы Қытайдың «жұмсақ күшінің» ең тиімді құралына айналып, шет ел азаматтарының Қытай туралы түсінігін орнатады, мемлекеттің қолайлы имиджін жасайды. Осылайша халықаралық дипломатиялық ортада өз ұстанымдарын нығайтуға, ұлттық мәдениеті мен идеяларын, құндылықтарын, сосын талаптарын орындауға жол ашады. Қазіргі уақытта мемлекеттің сыртқы имиджін құру саласында терең өзгерістер орын алуда. Қытайдың бұқаралық ақпарат құралдары бейбіт, тұрақты, жауапты елдің имиджін белсенді түрде қалыптастырып, елдің сыртқы саясатындағы «жұмсақ күшін» жүзеге асыруға ықпал етеді. Қытай өзінің бұқаралық ақпарат құралдарына қыруар қаржы бөле отырып, оларды мәдени экспорттың, өзін танытудың және қоғамдық оң пікір қалыптастырудың басты бағдары ретінде қарайды. Қытай өзінің ұлттық мәдениетін, құндылықтарын таратуда және сыртқы саясатты жүзеге асыруда бұқаралық ақпарат құралдарының коммуникативті рөлін тиімді қолдануды жалғастыратыны белгілі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Naigh D. Global soft power index 2021. Brand Finance brandi- rectory. – 2020. [Электронный ресурс]. URL: //https://brandirec- tory.com/globalsoftpower/ (Accessed: 25.08.2021).
- 2 Вартанова Е. Л. Меняющаяся российская медиаиндустрия: теоретические подходы // Вестн. СПбГУ. Язык и литература. – Т. 15. Вып. 2. – 2018. – сс. 186-194.
- 3 Joseph S.Nye. Soft Power: The Means To Success In World Politics. New York. Public affairs. – 2004. – pp.191.
- 4 Громыко А.А. Мягкая сила и сила права: к постановке проблемы // Вестник Московского Университета. Между- народные отношения и мировая политика. - №3. – 2014. – сс.3-19.
- 5 Филимонов Г.Ю. Мягкая сила культурной дипломатии США. М.:РУДН. – 2010. – 212 с.
- 6 Мосяков Д.В. Мягкая сила в политике Китая в Юго-Восточной Азии // Юго-Восточная Азия: актуальные проблемы развития. – Т.14. – 2010. – сс. 5-22.

- 7 Лебедева М.М. Мягкая сила в отношении Центральной Азии: участники и их действия // Вестник МГИМО. – №2 – 2014. – сс. 47-55.
- 8 Давыдова Ю.П. Понятие «жесткой» и «мягкой» силы в теории международных отношений //Международные процессы. – №1 – 2014. – сс.69-80.
- 9 Паршин П.Б. Проблематика «мягкой силы» во внешней политике России // Вестник МГИМО. – Вып.1. – 2013. – с.27.
- 10 McQuail D. Mass Communication Theory. Piet Bakker, 2005. – pp.204-205